



**Раисова А.Б.,
Есиркепова А.М.,
Саметова Г.А.**

**БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ
ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН БИЗНЕС-
ИНКУБАТОРЛАРДЫ ДАМУЫ
НәТИЖЕСІНДЕ КЕҢЕЙТУ**

В статье рассматриваются вопросы развития бизнес-инкубаторов в целях расширения инфраструктуры поддержки предпринимательства в целом.

The questions of development of business incubators with a view of expansion of an infrastructure of support of business as a whole are considered in the article.

Бизнес-инкубатор (БИ) – кіші кәсіпорындардың старттық дамуы үшін жағымды орта жасайтын ұйым. Олар жаңа кәсіпорындар дамуының бастапқы сатыларын жеңілдетеді, олардың иелерін оқытады, бизнестегі сәтсіздіктердің статистикасын қысқарта отырып, кәсіпорынның жеделдетілген дамуына арналған жағдайларды жасайды және ресурстарды ұсынады.

БИ кіші кәсіпорындарға жұмысқа арналған физикалық кеңістікті, әралуан бөлмелер мен бірлесе пайдалану негізіндегі ғимараттарды, қызметтердің үлкен жиынтығы мен іскер қолдаудың бағдарламаларының жақсы сұрыпталған жиынтығына қол жеткізуді, қаржыландыруға қол жеткізуді, елеулі құндық жеңілдіктерді ұсынуды, оқытудың арнайыландырылған бағдарламаларын беруді жүзеге асырады.

Өзінің дамуы үрдісінде әралуан сатыларда кіші кәсіпорындар әртүрлі сыртқы факторлардың ықпалына ұшырайды. БИ шешуші ерекшелігі осы мәселелерді орталықтандырылған шешуден тұрады. БИ-ға қызметтердің кең жиынтығына қол жеткізіледі: қауіпсіз жабдықталған алаңдар, жалға берудің тұрақты шарттары, несиелендіру мен оқытуға, бизнесті жүргізудің әралуан мәселелері бойынша консалтингке қол жеткізу (рицензиялау, тіркеу, патенттерді алу), басқа да кәсіби қызметтер, мәселен заңгерлік, бухгалтерлік, маркетингтік [1]. БИ бөлмелердің жай-күйімен, өрт күзеті қызметінің талаптарын сақтаумен, СЭС, еңбекті қорғаумен байланысты көптеген мәселерді шешу қажеттілінен өз клиенттерін шектей алады.

БИ шеңберінде дами отырып кәсіпкерлер қоршаған ортаға кері әсер етуге күш жұмсамай өз бизнесіне бағытталу мүмкіндігін алады. БИ-да өнімді іс-әрекетке, стресті түсіруге, серіктестік қарым-қатынастарды реттестіруге мүмкіндік беретін жақсы психологиялық климат қалыптасады. Инкубация бағдарламалары кіші кәсіпорындарды сыртқы проблемалардан қорғап қана қоймай, олардың дамудың әралуан кезеңіндегі жұмыстарының нәтижелілігін жоғарылатуға мүмкіндік бере отырып, көптеген қызметтерді ұсынады. Ресей мамандары БИ кіші кәсіп-орындарға көрсете алатын қолдаудың 4 түрін анық-тайды: Сервистік немесе ұйымдастырушылық материалдық; оқу-әдістемелік; қаржылық; психологиялық [2]. Өрі өз қолдауында БИ кіші кәсіпорындардың бастауыштан барынша дамығанға дейінгі БИ территориясында немесе оның қабырғала-рының сыртында жұмыс істейтін кең спектрін қамти алады.

Дамыған елдерде БИ басты үлгіде кәсіп-орындар өз дамуының ерте кезеңдерінен табылады, барынша кеш кезеңдерде кіші кәсіпорындарға



көмекті басқа арнайыландырылған ұйымдар: кеңес беру орталықтары мен бизнес орталықтары, инновациялық парктер мен т.б. көрсетеді. Дегенмен, қолдаудың дамыған инфрақұрылымы жоқ болған жағдайда БИ жаңадан пайда болғандарға және барынша тәжірибелі кәсіпкерлерге де қызмет түрлерін ұсына алады.

БИ-дың негізгі мақсаты – бизнес-инкубаторларға енгізілгеннен кейін 3-4 жылдан соң инкубатордан шығып дербес тіршілік ете алатын табысты бітірушілер мен тұрақты компанияларды құру орташа бағаға сәйкес инкубаторлар компаниялардың дамуын 7-ден 22 есеге дейін жеделдетеді, олар жаңа кіші кәсіпорындар мен жұмыс орындары дамуының катализаторлары болып табылады. Технопарктермен қатар БИ әлемдік статистика мен айқындалған кәсіпкерлікті қолдаудың барынша нәтижелі және ілгерлемелі формаларының бірі ретінде мойындалған. БИ түлектерінің іс-әрекет белсенділігін зерттеу мұндай компаниялардың пайдалары ұлғая түскендігін көрсетеді.

АҚШ кіші кәсіпкерлікті дамыту бойынша әкімшілігі мынадай дәлел келтіреді. Оң кіші кәсіпорынның алтауы жұмысты бастағаннан кейін, алғашқы бірнеше жыл ішінде, өз тіршілік белсенділігін тоқтатады, ал америкалық БИ ассоциациясының статистикасына сәйкес, инкубациядан өткен 5 компанияның 4-уі бизнесте қалатындығын көрсетеді. 11 европалық елдердегі 51 БИ-да жүргізілген зерттеулер 2 жыл ішінде жұмыс барысында 2726 компания құрғандығын көрсетеді, олардың ішінен 11,2 пайызы сәтсіздікке ұшырады, ал жұмыстың 5 жылы ішінде 16 мың жұмыс орны құрылған [3].

Әлемдік тәжірибе БИ жеке кіші кәсіпкерлікті дамыудан басқа локальді экономикалық жүйелер мен қауымдастықтарды дамытуға кешенді ықпал көрсетуге қабілетті екендігін айғақтайды. БИдің аймақтық экономикалық дамуына ықпалын 4 құрамдық Case (ағылшыншадан аударғанда қамын жеу) акронимі арқылы аймақтық даму қызметтерін орындауға оның қатысу арқылы сипаттауға болады: *Жаңа кәсіпорындарды құру; Басқа аудандардан бұрыннан бар кәсіпорындарды тарту; Бұрыннан бар кәсіпорындарды сақтау; Бар кәсіпорындарды кеңейту.*

Сонымен Джеймс Гримбуд, Лос-Аланос кіші бизнес орталығы мен экономикалық даму коорпарациясымен (АҚШ, Нью-Мексико штаты) орындаушы директоры БИ қызмет көрсете алатын клиенттердің жеке типін анықтайды:

1. Бастаушы кәсіпкерлер немесе компаниялар БИдің дәстүрлі клиенттері.
2. Технологиялық компаниялар – университеттер немесе ғылыми зертханалар түлектері. Олармен БИ әсіресе жұмыстың бастапқы кезеңдерінде жандануға мүмкіндік береді.
3. БИ клиенттеріне қызмет көрсететін сервистік, заңгерлік, бухгалтерлік, аудиторлық, консалтингтік, жергілікті немесе басқа аймақтардан БИ-ге тартылған компаниялар. БИдің әралуан қызметтеріне қол жеткізуден басқа олар БИге орналасқан кәсіпорындар ішінен тұрақты клиенттерді табады.
4. Осы аймақта жұмысты бастауды қабылдаған тұрақты жергілікті емес компаниялардың бас кеңселері. БИ осы жаңа орындағы компания жұмысының басталуы үшін айрықша жағдайларды ұсынады.
5. Басқа аймақтарда жұмыс істейтін ірі компаниялардың филиалдары немесе жергілікті өкілдіктері. Олар үшін БИ өте ыңғайлы мекен ету ортасы болып табылады.
6. Жұмыс тәжірибесі бар тұрақты кіші кәсіпорындар (әдетте 5 қызметкерге дейін жұмыскерлері бар). БИде мұндай компаниялар өз бизнесін жалғасытырып немесе кеңейте алады.
7. Ірі компаниялардың қысқартылуы немесе қайта құрылуы нәтижесінде түзілген кіші кәсіпорындар. Мұндай кәсіпорындарға БИ өз жолындау ұшырасқан қиындақтарды жеңуге және бизнесте қалуда көмектеседі.

БИ қаншалықты үлкен топтар мен клиенттерге қызмет көрсетсе, онда соншалықты көп даму қызметтері жүзеге асырылады. Осындай үлгіде, БИ моделінде экономикалық дамуды ұйымдастыру ретінде экономикалық белсенділікті жалпы жоғарылатудың мәселелерін шешу потенциалы мен оның жеке құрамдарына мақсатқа бағытталған ықпал көрсету негізделген қызметтердің кең диапазоны бүкіл әлемге, әралуан экономикалық жүйелерге түрлі деңгейдегі міндеттерді шешу үшін БИді белсенді пайдалануды ынталандырады. Ережедегідей кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларын жүзеге асыру үшін БИ аймақтағы бұрыннан бар ресурстарды: кадрлық өндірістік технологиялық қаржылық және т.б. қорларды тартады, ірі бизнеспен, әкімшіліктік құрылымдармен, оқу орындарымен белсенді әрекеттеседі.

БИ шеңберінде кіші бизнестің, өнеркәсіптің, зерттеушілік және оқу институттары мен тұтас аймақтың мүдделерінің келісімділігіне қол жеткізеді. БИ механизмі арқылы ірі кәсіпорындар өздерінде бар ресурстарды пайдаланудан табыс түсіре алады. Кәсіпорындар, жоғарғы оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттары өз мамандарына зерттеуді аяқталуға арналған және де олардың негізінде жаңа



техниканы технология мен материалдарды құру үшін жағдайларды ұсыну мүмкіндігін алады. БИ-дағы бірлескен іс-әрекет кіші фирмаларға аймақтық ғылыми техникалық және өндірістік потенциалын, оның ғылыми кадрлар мен материалдық базасын пайдалан отырып өндірілген өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға, ғылыми зерттеушілік тәжірибелік құрастырушылық жұмыстарды жүргізуге арналған шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді. Қызмет етуші фирмалардың кәсіби деңгейін жоғарылату, ғылыми және технологиялық сараптамалар жүргізу, мамандар саласындағы жұмыскерлердің кеңес алу мүмкіндіктері пайда болады. Мұнда жергілікті тұрғындар мен билік ұйымдары кіші кәсіпорындардағы қосымша жұмыс орындарын, жаңа өнімдерді, қызметтер мен технологияларды алады, аймақ беделі жоғарылайды, қомыша капитал тартылады. Әлеуметтік инфрақұрылым жетілдіріледі, білім беру және ғылымның аймақтағы дамуы, әралуан үлгідегі қолдаушы қызметтер ынталандырылады. БИ байланыстырушы қатар, аймақтың экономикалық дамуының катализаторы ретінде көрінеді.

Экономикалық модель ретіндегі БИдің басқа елшіліктері арасынан экономикалық дамудың әралуан мемлекеттерін шешуге арналған әраалуан сыртқы жағдайларға БИдің бейімделуіне мүмкіндік беретін оның құрылымының иілгіштігін атап көрсету қажет. БИ аймақтың инфрақұрылымдық кешеніне оңай тіркеледі және жергілікті жағдайлар мен қажеттіліктерге тәуелділіктегі экономикалық даму қызметтердің әралуан жиынтығын орындай алады, әралуан әлеуметтік топтар мен ұйымдардың қызығушылықтарына, қоғамға тұтастай, кіші кәсіпкерлер қауымдастығына, үкіметтік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарына, өнеркәсіптік коорпарацияларға, білім беруші мекемелер мен т.б. мүдделеріне қызмет етеді.

БИ-дің нәтижелі дамуы үшін Қазақстанда бірқатар тиімділендірілген БИ моделі талап етіледі. Бұл кезде БИдің барынша ұқсас туыс топтарында басқару бойынша әдістемені жасау мен тәжірибелік іс-әрекетке бағалау жүргізуге мүмкіндік беретін БИ үшін топтастыру жүйесіндегі қажеттілік туындайды. Өкінішке орай БИдің абсолюттік топтастырушылық жүйесін құру көптеген дербес ерекшеліктердің күшімен мүмкін болып табылмайды. Сондықтан Ресей мамандары анықтаған барынша маңызды сипаттамаларды қарастырайық.

Арнайыландырылған әдебиеттердегі барынша жиі пайдаланылатын белгілердің бірі БИ бағытталуы болып табылады.

Менеджмент және нарық академиясы БИ бағытталуы мақсаттары бойынша БИ-ді төмендегіше бөлістіруді ұсынады:

1. *Қауымдастыққа бағытталу.* БИ өз мақсаттары мен міндеттерін белгілі қауымдастық мұқтаждықтарымен үйлестіреді. Бұл жағдайда барынша әлеуметтік және саяси міндеттер экономикалық міндеттерге қарағанда терең көзделеді. Мұндай БИ аймақтардың жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарында жиі құрылады.

2. *Бизнесті қалыптастыру мен дамытуға бағытталу.* БИ жеңілдікті жағдайларда бастаушы кәсіпкерлерді бөлмелер мен және қызметтермен қамтамасыз ету үшін құрылады, бұлар жаңа фирмалар құруды жеңілдетеді. Оларда кәсіпкерлік іс-әрекет әдістеріне оқыту бағдарламалары, психологиялық қолдау көрсету бағдарламалары жиі жұмыс істейді. Басты мақсат – жаңа жұмыс орындарын, әсіресе әлеуметтік жағдайы төмен немесе жұмыссыз азаматтар үшін жұмыс орындарын құру. Мұндай бағдарламалар әдетте жергілікті билік өкілдерінен белсенді қолдау көрсетеді.

3. *Арнайы клиенттерге немесе белгілі секторларға бағытталуы.* БИ клиенттердің белгілі топтармен ғана жұмыс істейді, бұл этникалық аз топ, ауыл тұрғындары, әйелдер, жастар болуы мүмкін. Мұндай бағдарламалар басты үлгіде белгілі бір деңгейде дискриминацияланған тұрғындар тобы қауымдастығында бейімделумен байланысты әлеуметтік мәселелерді басты үлгіде шешеді. Сондай-ақ қандайда бір белгілі сектордың қызмет көрсетуі үшін, мәселен киім өндірісі, зергерлік бұйымдар, өнер саласы, инженерлік жаңалықтар, электроника т.б. жасалады. Бұл жағдайда БИ берілген аймақтың нарықтың әлсіз секторын дамыта отырып, экономикалық мәселелерді шешеді.

4. *Бөлмелерді беруге бағытталу.* БИ бірінші кезекте кіші кәсіпорындарға біртұтас орталықта кеңсе немесе басқа да мақсаттарға қызмет көрсететін алаңдарды жалға беруден пайда алуға бағытталады. Бұлардың көпшілігі бизнес орталықтары секілді ақылы негізде қызмет етеді.

5. *Өнімді дамытуға бағытталу.* БИ әдетте инновациялық және технологиялық орталықтарда университеттерде ғылыми парктерде үкіметтің, білім беруші және өнеркәсіптер ықпалымен жаңа өнім жасау бойынша идеяларды қолдау мен дамыту үшін құрылады.



Америкалық БИ ассоциациясы пайдаланылатын топтастыру белгілерінің бірі БИ демеушілері болып табылады:

1. *Үкіметтік және қоғамдық коммерциялық емес ұйымдар*, бұлар жаңа жұмыс орындарын құрумен, экономиканың диверсификациялаумен және салық өндіруші базаларды кеңейтумен байланысты аймақтардың экономикалық дамуы мақсатын көздейді.

2. *Университеттік немесе білім берушілік мекемелер*, олар экономикалық даму мақсатынан басқа ғылыми жаңалықтарды, жаңа технологиялар мен ноу-хауды коммерцияландыруға да мүдделі.

3. *Жеке және коммерциялық құрылымдар*, кіші кәсіпорын инвестициясынан пайда алуға және олардың негізінде технологиялық және басқа да инновацияларды дамытуға, сондай-ақ жылжымайтын мүліктен – коммерция және өндірістік алаңдардан пайда алуға да мүдделі.

4. *Басқа ұйымдар*, оның ішінде кәсіби немесе ұлттық белгілері бойынша біріктірілгенде шіркеу топтары, көркемөнер және діни бірлестіктер, қолөнер бірлестіктері және өзінің бағдарламалық міндеттерін шешу үшін БИді пайдаланылатын өнеркәсіптік палаталар.

5. *Бірлескен демеушілік*, әдетте үкіметтік ұйымдардың, экономикалық дамудағы тәуелсіз агенттердің, коммерциялық компаниялардың күштерін біріктіреді, әралуан мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған. Ресейде БИ ұйымдастыру кезінде барынша өнімді әдіс болып табылады.

БИ кәсіптік бағытталуы – америкалық БИ ассоциациясы пайдаланылатын топтастыру белгілерінің тағы бірі болып табылады:

1. *Әмбебап және бірлескен пайдалану*. Мұндай типтегі БИ АҚШ-та 42%-дан астамды құрайды. Бұл модель барынша демократиялы, нарықтың жалпы дамуына есептелген олардағы клиенттер жиынтығы ережедегідей, жергідікті нарықта барынша басым түсетін іс-әрекет түрлерінде көрініс табады. Мұндай типтегі инкубаторлар шекарадан шықпай-ақ барынша әралуан үлгідегі тауарларды табуға болатын үлкен әсбебап дүкеніне ұқсас болады. Мұндай БИдің барлық клиенттері олар бұрын тікелей өндірістік қарым-қатынас жасамаған қарым-қатынастың көптеген салаларындағы жаңалықтар мен табыстар жөнінде жақсы аппараттандырылған. Әр клиент көршілері өндірген және ұсынған өнімдер мен қызметтердің кең гаммасын пайдалана алады, кәсіби тәсілді талап ететін мәселелер бойынша кеңестер мен ұсыныстарды ала алады. Кейде бірлескен БИде приоритетті бағыттар анықталады. Дегенмен бұл бизнестің басқа саласынан оларға кәсіпорындарды қабылдауды жокқа шығармайды.

2. *Технологиялық немесе инновациялық БИ*. Бұдан алдын басты үлгіде академиялық құрылымдар, технологиялық партия мен ғылыми институттарда жүргізілген инновациялық БИ дамуы жөнінде айтылған болатын. Бұл топқа АҚШ-та БИдің 30%-ы жатады. Көбінесе инновациялық БИ ірі университеттің жанынан құрылады және жоғарғы оқу орындарының ғылыми жаңалықтарын коммерцияландыру және оларды жаңа өнімдер мен технологиялар базасында құру мақсаттарына қызмет көрсетеді. БИ құрылымдағы бірлескен іс-әрекет фирмаларға жоғары оқу орындарының ғылыми техникалық потенциалын, оның ғылыми кадрлары мен материалдық базасын пайдалана отырып, жаңалықтар жасау технологиясын игеруге, кәсіпкерлік белсенділік тәжірибелерін алуға, жаңа технологияларды енгізуді жеңілдетуге, өндірілген өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға, ғылыми зерттеулерді жүргізуге жұмсалатын шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді. Қызмет көрсетуші фирмалардың кәсіби деңгейін жоғарылатуға жоғары оқу орындарында ғылыми және технологиялық сараптамаларды жүргізу, кеңес алу, мәдени және гуманитарлық құндылықтарға қол жеткізу мүмкіндіктері пайда болады. Жергідікті тұрғындар мен билік органдары қосалқы жұмыс орындарын экологиялық таза технологиямен өндірісті алады. Аймақтың беделі жоғарылайды және қосымша капитал тартылады. Әлеуметтік инфрақұрылым жетілдіріледі, аймақтағы ғылым мен білім берудің дамуы ынталандырылады.

3. *Өндірістік БИ (мәселен жеңіл өнеркәсіп)*. Өз қарамағындағы белгілі өндірістік бағыттардағы кіші кәсіпорындарды біріктіреді, оларға белгілі бір технологиялық жабдықтарды, шығын каналдарын бірлесе пайдалану мүмкіндігін береді.

4. *Қызметтер саласындағы БИ*. Кіші кәсіпорындарды және тұрғындарға белгілі бір қызметтерді көрсетумен айналысатын кәсіпкерлерді біріктіреді.

5. *Микрокәсіпорындарға арналған БИ*. Әдетте жұмыссыздық мәселелері өткір қойылған артта қалған аудандарда кіші жаңұялық фирмалар мен дербес кәсіпкерлерге өз ісін ашу мен дамытуда қолдау көрсету үшін құрылады. Мұндай бағдарламалар 1-3 қызметкерден тұратын микрокәсіпорындарға есептелген.



Бұған америкалық топтастырылуда жоқ, дегенмен америкалық бизнес инкубатор ассоциациясында жиі кездесетін және басқа да арнайыландырылған әдебиеттерде ұшырасатын – арнайы бейімдіктегі БИ тағы да бір категориясын қосымшалауға болады. Бұл әлеуметтік аз топтармен және әйел кәсіпкерлермен жұмыс істейтін БИ (1995 жылғы санақ мағлұматтары бойынша америкалық БИдің 33%-ы), бағдарламалық қамтамасыз ету саласында жұмыс істейтін компаниялармен блайланысты БИ (11%), медициналық немесе биотехникалық бағытталушылығы бар БИ (11%), азық-түлік өнеркәсібінде жұмыс істейтін (5%), өнер және қолөнер саласында (2%), сондай-ақ экология, мультимедия ақпараттық және транспорттық экологиялар, материалдар өндірісінің жаңа технологиялары сияқты әралуан салаларда жұмыс істейтін БИ [4].

Ресей мамандары америкалық БИ ассоциациясының топтастырылуына еңбеген БИдің тағы да бір типін қосымшалайды. Бұл ұйымдастырушылық БИ. Ұйымдастырушылық дегенде клиенттері сервистік инфрақұрылымдық типтегі кәсіпорындар болып табылатын, кіші бизнес секторына қызмет көрсетуге есептелген БИ ұғынылады. Бұл заңгерлік, білім берушілік, консалтингті, аудиторлық немесе басқа да компаниялар болуы мүмкін. Бұл концепцияның Ресейдегі туындауы Ресейдегі әйгілі экономикалық және саяси үрдістерге байланысты кіші БИ жеткілікті дамымағандығынан туындаған, мсондықтан кәсіпорындарға қазір барынша жалғыз ортада жұмыс істеуге тура келеді.

Кәсіби бағытталған БИ-де әдетте бір тар бағытта жұмыс істейтін мамандар жинақталады. Әдетте мұндай бағыттағы БИ қымбат тұратын технологиялық немесе өлшеуші құрал-жабдықтарды, уурделі өндірістік үрдістерді пайдаланумен байланысты мәселелерді шешу үшін құрылады. Жеке жұмыс істейтін кәсіпорындар болашақта құрал-жабдықтардың тұтас қажетті жиынтығын өз бетінше дербес қамтамасыз ету жағдайында емес, олар әріптестерімен бірге жұмыс істей отырып. Осы қымбат тұратын құрал-жабдықтарды ұжымдық пайдалануға кіріседі. Әдетте мұндай құрылымдар тар аяда жұмыс істейтін және өндірістік базаға ие ұйымда негізінде құрылады. Мұның мысалы ретінде медициналық, биологиялық фауфильдегі немесе белгі техникалық немесе технологиялық салада мамандандырылған, тамақтану өнімдері өндірісі саласындағы көптеген БИ қызмет көрсетуі мүмкін. Мұндай БИ АҚШ-та асхана БИ деген атауға ие болды.

Университет жанындағы америкалық белгісін талқылай отырып, Ресей мамандары БИ дербестігі деңгейі секілді белгіні айқындайды.

1. *Дербес БИ.* Көптеген БИ кіші бизнесті қолдау бойынша дербес кәсіпорын ретінде құрылады. Олар өз құрылымында жеке тәуелсіз бөліктерді белгілей алады немесе басқа сыртқы ұйымдармен және кәсіпкерлікті қолдау бойынша агенттіктермен ынтымақтаса алады, дегенмен бұл кезде өзінің ұйымдастырушылық дербестігін сақтайды. Мұндай БИде шаруашылық іс-әрекетті жүргізуде негізгі тәсіл кәсіпкерлік тәсіл және белгілі уақыт өтуі бойынша жобаның өзін-өзі қаржыландыруына өтуге ұмтылу болып табылады.

2. *Құрылымдық БИ.* Ұйымдастырушылық құрылымы тұрғысынан бұл БИ университеттің технологиялық парктердің, зерттеушілік, өнеркәсіптік, оқу, бизнес орталық, ірі коорпорациялар құрамына енеді. Бұл тип сондай-ақ әлемде өте кең таралған. Бұл жағдайда БИ кәсіпкерлікті қолдаудың кешенді бағдарламасының баспалдақтардың бірі болып табылады. Әдетте мұндай БИ БИ-дан шыққаннан кейін өз дамуын технологиялық немесе бизнес орталықтарда жалғастыратын бастауы кәсіпкерлерге есептелген. Мұндай типтегі инкубаторлар уақыт өте келе өз іс-әрекетін қаржыландыру мақсатын қоймайды, олардың негізгі міндеті – үлкен құрылым шеңберінде өзінің ары қарай жүйелі дамуы үшін кәсіпкерлер мен бизнес жобалар командасын бастапқы сұрыптау мен тестілеуді жүзеге асыру. Университеттер мен өнекәсіптік коорпорациялар жаңа технологиялар мен өнімдерді нарықтық сынау үшін оларды палигон ретінде пайдалану үшін өз құрылымында арнайыландырылған БИ құрады.

Клиенттерге қызмет көрсету формасы бойынша БИ топтастырылуының тағы біреуін белгілеуге болады.

1. *Қабырғасыз БИ.* Кіші кәсіпкерлікті қолдау құрылымының арасынан кең таралуға ие болды. Қабырғасыз БИде кәсіпкерлерге кеңселік бөлме ұсынылмайды. Мұның орнына инкубатор штаты командалармен немесе дербес кәсіпкерлермен әңгімелесуді жүргізеді, бизнес жобаны сараптамалық талдаумен айналысады, кәсіпкерлердің компетенттілігін, ілгерілеушілігі мен жобаның капитал сыйымдылығын бағалайды. Осыдан кейін мағлұматтар базасында қажетті ресурстарды іздеу жүргізіледі және кәсіпкер потенциалды инвесторға бағытталады. Кейінгі айлар ішінде кәсіпкерлерді ақпараттық және консалтингтік қолдау жүзеге асырылады, клиенттерге модем арқылы мағлұматтар базасына қол жеткізу ұйымдастырылады, мұнда олар қосалқы ресурстарды іздеуді және интернет желісіне қол



жеткізуді өз беінше жүргізе алады. Қабырғасыз БИ диспетчерлік орталық немесе біріктіру жүйесі рөлін ойнайды, және кәсіпкерлер, инвесторлар, мамандар мен тұтынушылар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге мүмкіндік береді. Қабырғасыз БИ алаң ұсынушы БИ секілді дербес немесе басқа құрылымға құрылған болуы мүмкін.

2. Стационарлық БИ. БИдің мұндай типі классикалық болып аталуы мүмкін, онда кеңселік және өндірістік алаңдармен бірге кәсіпорындық қолдау бағдарламаларымен әралуан қызметтері де ұсынылады. Мұндай типке кіші бизнестің бұрыннан бар БИнің басым көпшілігі жатқызылады.

Әралуан деректерде қолданылатын топтастырудың тағы біреуін демографиялық қағида бойынша топтастыру деп атауға болады:

1. Қалалық БИ. Бұл типке негізгі міндеті қалалық кәсіпкерлікті, өнеркәсіптің, сауданың, ғылыми технологияның белгілі салаларын дамыту болып табылатын БИ үлкен бөлігін жатқызуға болады.

2. Ауылдық БИ. Бұл категорияға үлкен емес қалаларда орналасқан, мүмкіншілігі аз ауыл тұрғындарына қолдау көрсетуге бағытталған, қолөнер мен ұсақ өндірісті дамытуға, фермерлік шаруашылық пен өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға негізделген БИ жатқызылады. Ауылдық БИ әдетте үлкен алаңдарды иеленбейді және үлкен емес шеберханаларды, ауыл шаруашылық техникасын қайта өңдеуші заттарға арналған құрал-жабдықтарды, жеңілдігі бар жағдайлардағы үлкен емес несиелерді, өнім маркетингі бойынша қызметтерді, транспорттық қызметтерді ұжымдық пайдаланудағы кәсіпкерлерге ұсыныс жасау күштерін шоғырландырады. Бірқатар себептер бойынша (ауылдық аймақтардағы жоғары емес кәсіпкерлік белсенділік, ол жердегі қажетті ресурстардың жоқ болуы және жергілікті нарықтың шектелгендігі) ауылдық БИ қалалық пен қала сыртындағылармен салыстырғанда үлкен тәуекелмен қолға алынады, дегенмен бұл салада көрсетілген қиындықтарды жеңуге мүмкіндік беретін бірқатар жағымды тәжірибелер жинақталған.

АҚШ-та табысты жұмыс істейтін ауылдық БИ арасынан тамақтану өнімдері өндірісіндегі мамандандыруға ие Аркаттағы (Калифорния) БИ-ды белгілеуге болады, сонымен қатар Индиандағы (Пенсилвания) коммерциялық орталық БИің; Трайледегі (Бритшколамбия) БИ; Айдаходағы аграрлық ауданда орналасқан, жоғары технологиялық өндірістік компанияларды өсіруге мамандандырылған БИ; Сандапоингтегі БИ, Солтүстік Дакотадағы кит-чен (асхана) инкубаторын; өнер және қолөнер салаларына мамандандырылған Катонадағы (Миссисипи) БИ және көптеген басқаларды да жатқызуға болады. Аграрлық БИ Сингапурда белсенді құрылады, мұнда осы мақсат үшін үкімет пен бөлінген 1,7 мың гектар жерге әралуан профильдегі 500-ге жуық фирманы орналастыру жоспарлануда [5].

Оңтүстік Қазақстан облысында бұндай дәрежеде қызмет ететін бизнес-инкубатор болып «СодБи» БИ атап кетуге болады. Оның нарықтағы қызмет ету мерзімі мен оның кәсіпкерлерге жасап отырған көмегі айтарлықтай екеніне күмән келтірмейді.

Сонымен, бизнес-инкубаторлардың кәсіпкерлікті қолдаудағы және оның инфрақұрылымын дамытудағы маңыздылығы үлкен екенін және оларды қазіргі уақытта дамытудың өзі мемлекеттік қолдауды қажет екені белгілі болып отыр. Алайда шетел тәжірибесі көрсетіп отырғандай, олардың дамуы мен қызметінің өркендеуі аймақтың жалпы аймақтық өнімінің айтарлықтай жоғарлауына алып келетін үлесі зор болатынына күмән келтірмейді.

Әдебиеттер:

1. http://e.gov.kz/wps/portal/Content?contentPath=/library2/4_business/biznes-konsaliding/addInfo/biznes-inkubatory&lang=ru
2. Котельников В. Венчурное финансирование от А до Я. – М.: Эксмо, 2009. – 176 с.
3. <http://www.sodbi.kz/rus/what-is-incubation/>
4. Щукин Г.В. Организация деятельности бизнес-инкубаторов и перспективы их развития в условиях реформирования экономики: Дис. ... канд. экон. наук : 08.00.05. - Воронеж, 1999. - 218 с. РГБ ОД, 61:99-8/1451-9
5. Нижегородский Дом малого бизнеса <http://ppp.ndmb.ic.sci-nnov.ru/uslugi.html>
6. <http://sbn.finance.ru/obzor/vench/vb002/>